

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде
БЕКІТІЛДІ
№ хаттама « » 2026 ж
Факультет деканы _____ Б.Б.Мейірбаев

«ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ»
ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2026

Емтихан бағдарламасын дайындаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к Нургалиева Долорес Абилдаевна

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« __ » _____ 2026ж., хаттама № __

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

«ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯДАН КЕҢЕС БЕРУ» ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *жазбаша (offline)*.

Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында магистрант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша магистрант:

- «Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядан кеңес беру» пәнін оқытудың ғылыми-теориялық тұғырлары мен ұстанымдарын талдап, қорытындылай алуға;
- «Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның» шығуы мен қалыптасуы және қазіргі дамуы туралы теорияларды дәлелдеп, жіктей білуге;
- Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы әлеуметтік жағдайларды, виктимогендік факторларды талдай алуға; педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынаста дұрыс шешімдерін анықтауға ;
- Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы кеңес беруде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға; пәндік білім, білік, дағдыларды меңгеруге;
- Әлеуметтік- педагогикалық виктимологияның басқа ғылымдармен байланысын анықтауға; әлеуметтік құрбандықтың түрлі факторларын білуге;
- Әртүрлі мәдениеттер жағдайындағы құрбандық мәселесіне өз көзқарасын білдіруге ; жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологиялық сипатын ашуға;
- Әлеуметтік теңсіздік- виктимологиялық мәселелерді тудырушы себептердің бірі екендігін дәйектеп тұжырымдауға **қабілетті болады.**

Емтиханды өткізу формасы:

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет. Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту нәтижелеріне сәйкес теориялық мәселелерді білу мен түсінуді бағалайтын жетістік индикаторлары түріндегі когнитивті құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың пәннің білім мазмұнын түсінуі мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл магистранттардың зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда білім алушылардың пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады. «Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядан кеңес беру» бойынша практикалық тапсырмалар беріледі.

Қорытынды емтиханда қарастырылатын тақырыптар:

1. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздері. «Виктимология» ұғымының қоғамдық бағыт және әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні: қалыптасуы мен дамуы.
2. Виктимологияның түрлері, көп аспектілігі. Г.Гентинг, Б.Мендельсон, Сатерленд, Г.Элленбергер теориялары. Виктимділік – тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі
3. Виктимологияның басқа ғылымдармен байланысы.Әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар (тұлғалық,әлеуметтік-құрылымдық,қылмыстық,әлеуметтік детерменизм т.б.)
4. Әлеуметтік жағымсыз жағдайлардағы құрбандардың типтері. Әлеуметтік теңсіздік- виктимологиялық мәселелерді тудырушы себептердің бірі.Әртүрлі мәдениеттер жағдайындағы құрбандық мәселесі.
5. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторлары. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі қауіпті кезеңдер.
6. Қорқыныш тұлғаның виктимділікке баруының бір себебі. Әлеуметтік инфантилизм құрбандыққа бейім тұлғаның сипаты ретінде .
7. Тәуекел тобындағы жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологиялық сипаттамасы. Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың әлеуметтенуінің өзіндік ерекшеліктері
8. Отбасының виктималдық жағдайлардағы (құқықтық, рухани, әлеуметтік, тұрмыстық, аралас неке) мәселелерінің бала тәрбиесіне ықпалы. Мигранттар мен босқындардың балаларының әлеуметтенуі виктимогендік мәселе.
9. Тұлғаның бейімделуі және бейімделе алмауы туралы психоаналитикалық, гумандық, когнитивтік теорияларға түсінік.Г.Сельенің «Жалпы бейімделу синдромы» тұжырымдамасы.
10. Әлеуметтік бейімделе алмаудың патологиялық, патологиялық емес, локальды және жаһандық түрлері: кеңес беру ерекшеліктері.
11. Виктимологиялық жағдайлардың алдын-алудағы құқықтық, медициналық, ақпараттық кеңес түрлерінің педагогикалық мәні және әлеуметтік қажеттігі және басым бағыттары.
12. Әлеуметтік педагог пен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің виктимологиялық жағдайларда кеңес берудегі іс-әрекеттестігі және өзара ынтымақтастығы және оларды қорғау бойынша берілетін кеңес түрлері .
13. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология бойынша кеңес берудің әдістемесі мен технологиялары. Құрбандардың ағымдағы қиындықтарда әлеуметтік бейімделе алмау проблемалары бойынша кеңес беру.
14. Латенттік құрбандармен әлеуметтік-педагогикалық кеңес түрлері. Д.Стоттың диагностикалық бақылау картасы және т.б. әдістер мен тәсілдер.
15. Әртүрлі жағдайларға тап болған адамдарға әлеуметтік–педагогикалық кеңес берудегі адамгершілік қағидаларының орны.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Бедулина, Г.Ф. Социально-педагогическая профилактика отклоняющегося поведения: учеб.-метод. комплекс / Г.Ф. Бедулина, Е.К. Погодина. Минск: БГПУ, 2013. –216с
2. Бойко О. А., Хоменко А. Н., Пестерева С.Ю., Бражников В. В. Актуальные проблемы виктимологии: учебное пособие / Омск: Омская юридическая академия, 2017. — 240 с. <https://www.iprbookshop.ru/86166.html>
3. Бочкарева Е.В. Виктимологические аспекты насильственной преступности в семейно-бытовой сфере: монография / Е.В. Бочкарева. -Москва: ИНФРА-М, 2021. -135 с. <https://znanium.com/catalog/product/1084387>
4. Валеева Р.А., Дроздикова-Зарипова А.Р., Калацкая Н.Н., Костюнина Н.Ю. Профилактика и коррекция виктимного поведения студенческой молодежи в Глоб. ети Интернет: теория, практика.-Казань: Изд, «Отечество»,2019.-320 с.

5. Журлова, И. В. Социально-педагогическая виктимология : курс лекций / И. В.Журлова. – Мозырь : УО МГПУ им. И. П.Шамякина, 2010., 172 с.
6. Константинова С.С. Факторы, определяющие виктимность личности //Виктимность и виктимологическая профилактика: Материалы круглого стола по дисциплине «Психология отклоняющегося поведения». – Тверь: Твер. гос. ун-т, 2019. – С. 21-25.
7. Қасымова Р.С.Әлеуметтік педагогтің жұмыс технологиясы.Оқу құралы.- Алматы: «Қазақ университеті», 2020
8. Сбитнева А.Н., Бекмурзина А.Б. Социальная виктимология. Әлеуметтік виктимология: учебно-метод. пособие / А.Н.Сбитнева А. Б.Бекмурзина.– Петропавловск : 2025. - 80 б.
9. Шалғынбаева Қ.Қ., Шолпанқұлова Г.К., Колумбаева Ш.Ж. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы / Қ.Қ. Шалғынбаева, Г.К. Шолпанқұлова, Ш.Ж. Колумбаева,- Алматы: CyberSmith, 2019 - 176 бет.

Қосымша:

1. Андронникова О.О.Психологические границы виктимной личности / О. О. Андронникова, В. И. Волохова // Сибирский педагогический журнал. 2018., № 2. – С. 111–118.
2. Алдакимова, О.В.Социально-педагогическая виктимология: учебно-методическое пособие. - Армавир : 2016. - 186 с.
3. Киселев В.С. Виктимное поведение жертв домашнего насилия / В. С. Киселев, Д.Д. Хомлюк.// Молодой ученый. 2019. № 28 (266). С. 126-128. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: <https://moluch.ru/archive/266/61630/> (дата обращения: 05.06.2023).

Интернет-ресурстар

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ВАК/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША**

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ 35 балл	«Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядан кеңес беру» курсының теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін нақты дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	Жақсы» деген баға сұрақтың толық, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмайтын жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.

<p>2 сұрақ 35 балл</p>	<p>Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</p>	<p>Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;</p>	<p>Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа жауап беру;</p>	<p>Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.</p>	<p>Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау</p>	<p>Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. қағидаларын бұзу.</p>
<p>3 сұрақ 30 балл</p>	<p>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</p>	<p>Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.</p>	<p>Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдар дағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.</p>	<p>Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ</p>	<p>Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.</p>	<p>Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды</p>

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа– 35 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 30 балл қойылады